

Б. Р. Айтқалиева, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің 3-бағам студенті

Ғылыми жетекшісі: Жұмашева А. Б., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің заң ғылымдарының магистрі, арнайы құқықтану пәндер (циклдік) комиссиясы оқытушысы

ЕСІРТКІНІҢ ЗАҢСЫЗ АЙНАЛЫМЫ

Қазақстандағы есірткі ахуалы әлі де күрделі күйде. Өткен жылы елімізде 10 мыңнан астам есірткі қылмыстарының жолы кесілді. Соңғы жылдарда Қазақстан Республикасында есірткіні пайдалану қоғамның әлеуметтік-психологиялық атмосферасына және құқықтық тәртібінің жағдайына ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар ұлттың әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-ізгілік келешегіне, халықтың генетикалық болашағына да кері әсерін тигізуі кең көлемде тарап келеді. Есірткіге қатысты қылмыстардың қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі осы қылмыстардағы есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттар тудыратын қауіптермен анықталады. Оларды шектен тыс пайдалану адамның бойында Қазақстан Республикасының «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру және асыра пайдалануға қарсы әрекет шаралары туралы» Заңында белгіленгендей нашақорлық деген аурудың пайда болуына әкеп соғады, бұл дегеніміз есірткі құралдары немесе жүйкеге әсер ететін заттарға, немесе ағзаның дене және психологиялық қызметінің бұзылуына әкеп соғатын тәуелді аурулар. Осыған ұқсас тәуелділіктің пайда болуы адам денсаулығына ауыр зиян келтіретіндіктен қылмыстық заңдармен қарастырылады, ал

есірткіні дайындау және айналдыру бойынша заңсыз әрекеттер «Халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне қарсы қылмыстар» ҚР ҚК 10 бөл. регламенттеледі.

Бұдан жауаптылығы ҚР ҚК 259-265 баптарында қарастырылған есірткіге байланысты қылмыстардың текті объектісі болып халықтың денсаулығы табылатындығы есептеледі. Заңға сәйкес Қазақстан Республикасында бақылауға алынатын барлық есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар және олардың прекурсорлары арнайы тізімге енгізіледі. Көрсетілген заттардың немесе құралдардың шағын, ірі немесе өте ірі мөлшерлерін 2002 жылғы 8 тамызда күшіне енген заңсыз айналымда ұсталған шағын, ірі немесе өте ірі мөлшерлердегі есірткі құралдарын, жүйкеге әсер ететін заттар және прекурсорларды енгізу туралы Жинақтау кестесіне сәйкес анықтау керек (Қазақстан Республикасының «Есірткі құралдары, жүйкеге әсер ететін заттар, прекурсорлар және оларды заңсыз айналдыру және асыра пайдалануға қарсы әрекет шаралары туралы» Заңына 2 қосымша)¹. Есірткі құралдары немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңнан тыс дайындау, сатып алу, сақтау, қайта өңдеу, тасымалдау немесе өткізу саласына екі санатта тұлғалар тартылады: таратушылар және тұтынушылар. Сондықтан есірткі құралдарын және жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналуымен күресу саласында мемлекеттік, және қылмыстық саясат мына екі мәселелерді шешуі қажет:

- 1) мемлекеттік билік органдары есірткіні заңсыз таратудың өсуін әрі қарай төмендету, алдын алу және тоқтату бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық шараларды жүзеге асыру;
- 2) нашақорларды медициналық-әлеуметтік оңалту².

Есірткі контрабандасы фактілерін анықтау және олардың жолын кесу жөніндегі жұмысты құқық қорғау органдары шекаралық және кедендік бақылау аймақтарынан бастап, республиканың барлық аумағында жалғастырады. Жалпыға мәлім, еліміздің аумағында Шу алқабы орналасқан, ол сораның табиғи түрде өсіп тарайтын алқабы болып табылады, одан қылмыскерлер «марихуана» дайындайды. Марихуананы дайындау және одан әрі өткізу фактілерінің жолын кесу мақсатында жыл сайын мамырдан бастап қазан айлары аралығында кең ауқымды «Көкнәр» операциясы өткізіледі, оған республиканың барлық құқық қорғау органдары қатысады. Ағымдағы жылы жүргізілген операция барысында ішкі істер органдары 3464 есірткі қылмысын, оның ішінде есірткі сатудың 910, есірткі контрабандасының 42 фактісі анықталды, сондай-ақ 7 ұйымдасқан есірткі тобының қылмыстық әрекеттерінің жолы кесіліп, заңсыз айналымнан 18 тоннадан астам әртүрлі есірткі құралдары, оның ішінде 60 кг героин алынды. 2008 жылдың маусымынан бастап елімізде есірткімен байланысты қылмыс және құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікті қатаңдатуға бағытталған заң әрекет етуде, аталған заңға сәйкес есірткі контрабандасы, аса ірі көлемде есірткі сатқаны, сондай-ақ кәметке толмағандарды есірткіні тұтынуға тартқаны үшін 20 жылға және өмір бойына бас бостандығынан айыру түрінде жазалау көзделген. Есірткі саудасы үшін өлім жазасы Иран, Қытай, Сингапур, АҚШ және Таиландтың заңнамаларында қарастырылған. Бүгінгі таңда Халықаралық тәжірибеде есірткі қылмысымен күресте қатаң қылмыстық шаралар қолданылуда. Ұлыбритания, Бельгия, Греция, Ирландия, Канада, Франция және басқа елдерде осы қылмыс үшін өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген³.

¹ Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 279-І Заңы (2006. 29. 12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

² Закон РК от 26 июня 1998 г. «О национальной безопасности в Республике Казахстан» // Казахстанская правда. 1998. 30 июня.

³ Казахстан на 2001-2005 годы (утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 16 мая 2000 г. № 394) // Казахстанская правда. 2000. 19 мая.